

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметі, валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы N 411-ІІ заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" 1992 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 424-құжат; 1995 ж., N№20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 13, 14, 195, 205-құжаттар; 1999 ж., N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат):

3-баптың 1-тармағы "салықтық," деген сөзден кейін "кедендік, валюталық," деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N№15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат):

1) 4-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы "(заттай немесе ақша түрінде)" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ капиталдың қозғалысына байланысты, тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсету) үшін 180 күннен артық мерзімге төлемді кейінге қалдыруды не аванстық төлемді көздейтін экспорт-импорттық мәмілелер бойынша жүргізілетін операциялар үшін Қазақстан Республикасының валюталық заңдарында белгіленген мерзім" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 11-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-1-бап. Валюталық құндылықтарды пайдалануға

байланысты операцияларды лицензиялау

Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операциялардың мынадай түрлері лицензиялауға жатады:

1) бөлшек сауда-саттықты жүзеге асыру және қолма-қол шетел валютасына қызмет көрсету ;

2) өздері тіркелген мемлекеттердің заңдары бойынша тиісті құқығы бар шетелдік банктерде, өзге де қаржы институттарында резиденттердің:
банктер ;

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) кіретін, рейтингтік агенттіктердің бірінің талап етілетін ең төменгі рейтингін алған елдердің шетелдік банктерінде резидент жеке тұлғалар, сондай-ақ жұмыс, оқу, емделу немесе демалу мақсатымен уақытша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жүрген адамдар ашатын шоттарды қоспағанда, шоттар (Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен ашылған шоттарды қоса алғанда) ашуы;

3) резиденттердің:
банктердің дилерлік қызметін;

Қазақстан Республикасының валюталық және банктік заңдарында белгіленген талаптарға сай келетін резидент еместердің бағалы қағаздарына инвестицияларды;

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) кіретін елдердің және (немесе) Қазақстан Республикасы инвестицияларды өзара ынталандыру және қорғау туралы халықаралық шарттар жасасқан және оларды бекіткен елдердің заңды тұлғаларының жарғылық капиталына инвестицияларды, нәтижесінде инвестицияларды жүзеге асыратын резидентке инвестиция жұмсалатын объектінің дауыс беретін акцияларының елу және одан көп проценті (қатысушылар дауысының елу және одан көп проценті) тиесілі болатын инвестицияларды қоспағанда, шет елдерге инвестициялары ;

4) жылжымайтын заттарға теңестірілген мүлікті қоспағанда, мүліктік құқықтарды жылжымайтын мүлікке ауыстыруды көздейтін мәмілелер ақысын төлеу үшін резиденттердің резидент еместер пайдасына аударымдары;

5) 180 күннен артық мерзімге тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсету) үшін, сондай-ақ тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсету) экспорты күнінен бастап резиденттердің тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсету) экспортының төлемақысы ретінде валюталық түсім алу мерзімін 180 күннен асырып жібергені үшін аванстық төлемді көздейтін импорттық мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін резиденттердің резидент еместердің пайдасына аударымдары;

6) егер тауар экспортталған күн мен экспорттық түсімді алу арасындағы мерзім 365 күннен асып кетсе, резиденттердің резидент еместерден тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жекелеген тауарлар экспорты бойынша төлемдер алуы ;

7) резиденттердің (банктерден басқа) резидент еместерге 180 күннен астам мерзімге кредиттер беруі ;

8) резиденттің резидент еместен кредит ретінде алатын шетел валютасын, Қазақстан

Республикасының валюта заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғалардың шоттарына есептеу;

9) резиденттің резидент емеске валюталық құндылықтарды сенімгерлік басқаруға беруі.

Рейтингтік агенттіктердің тізбесін және талап етілетін ең төменгі рейтингті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

Қазақстан Республикасының валюта заңдарында лицензиялауға жататын валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операциялардың ең төменгі сомасы белгіленуі мүмкін.";

3) 15-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензиялар берудің, олардың қолданылуын тоқтатудың тәртібі мен шарттары, сондай-ақ валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды жүзеге асыру жөніндегі біліктілік талаптары валюталық заңдармен белгіленеді.";

4) 21-баптың 1-тармағы 4) тармақшадағы "таратылғанда" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, "тоқтатылады." деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) лицензияны лицензиарға ерікті түрде қайтарғанда тоқтатылады".

3. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., №N 5, 31-құжат):

30-баптың 4-тармағында:

а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"а) Қазақстан Республикасының және рейтингтік агенттіктердің бірінің талап етілетін ең төменгі рейтингін алған елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен не мұндай рейтингі болмағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешімі бойынша - делдалдық;"

б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Қазақстан Республикасының және рейтингтік агенттіктердің бірінің талап етілетін ең төменгі рейтингін алған елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен не мұндай рейтингі болмағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешімі бойынша, сондай-ақ осы Заңның 8-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайларда өзге де бағалы қағаздармен - дилерлік;"

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Рейтингтік агенттіктердің тізбесін және талап етілетін ең төменгі рейтингті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді."

4. "Валюталық реттеу туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 20-21, 404-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; 1999 ж., N 20, 722-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "120" деген цифр "180" деген цифрмен ауыстырылсын;

2) 1 - 1 - баптың 9) тармақшасында:

екінші абзац "тауарға" деген сөздің алдынан "жылжымайтын заттарға теңестірілген мүлікті қоса алғанда," деген сөздермен толықтырылсын;
үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"резиденттің резидент емеске (резидент еместің резидентке) қызмет көрсетуін (жұмыс орындауын), сондай-ақ резиденттің резидент емеске (резидент еместің резидентке) жылжымайтын заттарға теңестірілген мүлікті уақытша иелену және пайдалану құқығы мен лицензиялық шарт бойынша интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықтарды беруді көздейтін мәмілелер;"

3) 1 - 2 - бапта:

2-тармақ "валюталық операциялар" деген сөздердің алдынан "резиденттер мен резидент еместер арасындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

4 - тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жылжымайтын заттарға теңестірілген мүлікті қоспағанда, жылжымайтын мүлікке мүліктік құқықтардың ақысын төлеу үшін аударымдар;"

6) тармақша алып тасталсын;

8) тармақшадағы "аударымдар" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, "болып табылады." деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) валюталық құндылықтарды сенімгерлік басқаруға беру болып табылады.";

5-тармақ "120 күн ішінде" деген сөздерден кейін "немесе тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жекелеген тауарлар экспорты күнінен бастап 365 күннің ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсету) үшін аванстық төлем жасауды көздейтін импорттық мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін резидент еместің пайдасына резидент аударған валютаны, резидент емес міндеттемелерін орындамаған жағдайда, резидент алуға және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясында өзге мерзім белгіленбеген болса, ол валюта аударым жасалған күннен бастап 180 күннен кешіктірілмей оның уәкілетті банктердегі шоттарына есептелуге тиіс

7. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті банктеріндегі шоттарға міндетті түрде аударылуға жататын шетел валютасы түріндегі қаражатты шетелден қайтармау, сондай-ақ тауарға төленген ақша сомасына пара-пар тауарды алмау не Қазақстан Республикасының валюталық заңдарында белгіленген мерзімдерде импорттық мәмілелер бойынша ақшаны қайтармау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.";

4) 8-баптың 1-тармағындағы "осы Заңның 4-бабына сәйкес бұл резиденттің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алған лицензиясында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының валюталық заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 11-баптың 1-тармағындағы "жүргізеді" деген сөздің алдынан ", Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 12-баптағы "мемлекеттік почта байланысы кәсіпорындары" деген сөздер "Ұлттық почта операторы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) IV-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"IV-тарау. Қорытынды ережелер

14-бап. Валюталық бақылау органдары лауазымды адамдарының және агенттерінің құқықтары мен міндеттері

1. Валюталық бақылау органдарының лауазымды адамдары және агенттері тексерулер кезінде туындайтын мәселелер бойынша өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қажетті түсініктер мен мәліметтер алуға құқылы.

2. Валюталық бақылау органдарының лауазымды адамдары және агенттері резиденттер мен резидент еместердің қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясы бар мәліметтерін жария етпеуге міндетті.

15-бап. Қазақстан Республикасының валюталық заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының валюталық заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады."

5. "Ақша төлемі мен аударымы туралы" 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 11-12, 177-құжат; N 24, 445-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2003 ж., N 4, 25-құжат) :

3 8 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Бенефициар Қазақстан Республикасының валюталық заңдарында көзделген қажетті құжаттар мен мәліметтерді беру жөніндегі іс-әрекеттерді жасамаған жағдайда алушы банк жөнелтушінің алынған нұсқауларын қабылдауға және 180 күнтізбелік күн б о й ы с а қ т а у ғ а м і н д е т т і .

Бенефициар осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді орындамаған жағдайда, алушы банк күнтізбелік 180 күн ішінде мұндай нұсқауды оны жөнелтушіге орындамай қайтаруға міндетті.";

3-тармақтағы "1-тармағында" деген сөздер "1 және 1-1-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК